



ИНТЕРНЕТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Интернет жаһандық компьютерлік
желі





Біз бүгін интернеттің не екендігін, оның қалай пайда болып, дамығандығы жайлы айтамыз. Негізгі түсініктер мен қызметтерді қарастырайық. Сонымен, Интернет – бұл компьютерлік желілерді біріктіретін жаһандық желі. Бұл ақпаратты сақтау мен жөнелтуге арналған біріктірілген компьютерлік желілердің бүкіләлемдік жүйесі.

Inter – «аралық», ал net, network – желі деп аударылады.

Мәліметтердің жөнелтілуі байланыс арналары арқылы орындалады: электр және оптикалық-талшықты кабельдер, жерсеріктік радиобайланыс.

Провайдер – ақырлы қолданушыларға өзінің жергілікті желісі арқылы Интернетке шығуды ұсынатын фирма. Заманауи әлемде бөлінген желі, Wi Fi роутер немесе модем арқылы интернетке қол жеткізуге болады.

Интернеттің пайда болу тарихы АҚШ-тағы ARPA компьютерлерінің құрылуынан басталады. 1967 жылы Ларри Робертс ARPA компьютерлерін өзара байланыстыруды ұсынды. Сол кезеңде АҚШ Қорғаныс Министрлігінің алғашқы ARPANet интернет-желісін құру жұмыстары басталды.

1969 жылы ARPANet әскери тапсырыстарды орындайтын бірнеше американдық университет пен компанияларды біріктірді. Мұндай желінің негізгі қағидасы кез келген компьютердің кез келген басқа компьютермен тең дәрежеде байланыса алатындығы болды. Сол уақытты Англияда Дональд Дэвис Желі тұжырымын құрастырып, оған маңызды бөлшек – компьютерлік түйіндерді қосты. Жеке жіберілетін файл фрагменттерін белгілеу үшін қолданылатын «пакет» термині дәл осы Дэвиске тиесілі. Лос-Анджелестегі Калифорния университеті, Стэнфорд зерттеу институты, Санта-Барбарадағы Калифорния университеті мен Юта штаты университеті арасына арнайы байланыс кабелі жүргізілді. Мамандар тобы ARPANET желісін ұйымдастырудың техникалық мәселелерін шешуге кірісті.

1971 жылы желі бойынша электронды пошта жөнелтудің алғашқы бағдарламасы құрылды және ол бірден танымалдылыққа ие болды.

1972 жылы желіде 50 университет пен лаборатория ұйымдастырылды. 2 жылдан кейін, 1974 жылы TCP/IP мәліметтерді алмастыру хаттамасы құрылды.

1983 жылы желі екі бөлікке бөлінді: MilNet – АҚШ әскери мақсаттары үшін және Internet – жалпыға қол жетімді желі.

1989 жылы Интернетте 100 000 астам компьютер тіркелді.

1991 жылы WWW құрылды. Бұл ақпаратты гипермәтін түрінде алмастыру болып табылады. Дәл осы жылдан бастап Бүкіләлемдік Тор тарихы басталады. Бүкіләлемдік Тор тұжырымы ақпаратты мәтінмен, дыбыспен және басқа да атрибуттармен табиғи түрде бейнелеуге мүмкіндік берді. Шын мәнінде WWW – бұл гипермәтінді қолдануға негізделген үлестірілген жүйе.

1995 жылы қарқынды даму әсерінен желі алты миллион қосылған серверлер деңгейіне дейін өсті.

1999 жылы Интернет цензурасына алғаш рет талпыныс жасалды («Интернет ешкімге тиесілі емес» қағидасы танымал). Бірқатар елдерде (Қытай, Сауд Арабиясы, Иран, Египет, бұрынғы КСРО елдері) мемлекеттік органдар қолданушылардың белгілі бір серверлерге және саяси, діни немесе порнографиялық сипаттағы сайттарға қолжетімділігін техникалық бұғаттау үшін біраз жұмыстар атқарады.

2001 жылы Интернет қолданушыларының саны 530 млн адамнан асты. Ал 2018 жылы интернетті 4 миллиард адам қолданатын болды.

Интернеттің негізгі мүмкіндіктерінің (қызметтерінің) қатарына WWW гипермәтіндік құжаттарды, Электрондық поштаны (e-mail), Іздеу жүйелерін, Интернет-телефонияны (мысалы, Skype), әлеуметтік желілерді, Блогтарды, Интернет-дүкендерді, Электрондық төлем жүйелерін, Интернет-банкингті және т.б. жатқызуға болады.

Интернеттің дамуымен сайттардың «әдемі» мекенжайлары, басқаша айтқанда домендер аса құнды бола бастады. Тіркелген домендердің жалпы саны 200 миллионға жуықтайды және бос, әдемі және қысқа домендік атты таңдап алу өте қиынға соғуда. Мысалы, business.com мекенжайында жоғарғы деңгейлі com домені және екінші деңгейлі business домені бар. Домендік аттарды қайта сату нарығы құрылды. Мыңдаған компаниялар business.com доменінде өздерінің ресми сайттарының болғандығын қалайды. Аталған доменнің 360 миллион АҚШ долларына сатылу себебі де осында. Қазіргі таңда кез келген домендер коммерциялық құндылыққа ие. com аймағында үш әріптен тұратын домендер бос тіркеуде қалмағандықтан, кез келген төрт әріптік домендер де құнды болып табылады.



Ұлттық домендер жоғарғы деңгейлі барлық басқа домендерден ерекшелік ретінде екі әріптен тұрады және ережеге сай елдердің ISO 3166 стандартында бекітілген кодтарына сәйкес келеді. Мысалы, Қазақстанда – бұл KZ домені. Ресейде RU. Сонымен қатар, елдердің тобына қатысты домендер де бар: asia – Австралияны қоса алғандағы Азия елдері немесе .eu – Еуразиялық одақ.

Жалпы мақсаттағы жоғарғы деңгей домендері бұл .edu – жоғарғы оқу орындары, .org – коммерциялық емес ұйымдар, .com – коммерциялық ұйымдар, .jobs – кадрлық агенттіктер және басқалары.

Интернет сегіз негізгі сипатқа ие:

- Интернеттің қожайыны жоқ. Себебі ол әртүрлі географиялық тиістілікке ие желілер жиынағы болып табылады.
- Интернетті толықтай өшіруге болмайды. Себебі желі бағдарлауыштарының бірегей сыртқы басқармасы жоқ.
- Интернет бүкіл адамзаттың мүлкіне айналды.
- Интернеттің қызығушы адамдар шығаратын көптеген пайдалы және зиянды қасиеттері бар.
- Интернет, ең алдымен, ақпаратты ашық сақтау және тарату құралы. Шифрленбеген ақпарат жөнелтілу бағыты бойынша ұсталып, оқылуы мүмкін.
- Интернет әрбір компьютерді желіге қосылған басқа кез келген компьютермен телефондық желі сияқты байланыстыра алады. Егер телефонда автожауапбергіш болса, онда ол оған жазылған ақпаратты кез келген қоңырау шалушыға тарата алады.
- Интернеттегі сайттар ақпаратты дәл осындай қағидамен, яғни жекеше, оқырманның қалауы бойынша таратады.
- Спам-серверлер мен «зомби-желілер» ақпаратты жөнелтушінің қалауы бойынша таратады және жарнама парақшалары мен қағаздарды таратушылар шынайы пошта жәшіктерін толтырғандай етіп электрондық пошта қолданушыларының пошта жәшіктерін толтырады.

Интернет – бұл компьютерлік желі. Ол өзара көптеген жерүсті және жерсеріктік байланыс арналары арқылы байланысқан дүниежүзі бойынша шашырап орналасқан миллиондаған компьютерлерден тұрады. Желінің негізі серверлер деп аталатын қуатты компьютерлер болып табылады. Олар Интернет желісінің бүтіндігіне жауап береді және ақпаратпен алмасуды қамтамасыз етеді. Интернеттегі дүниенің барлығы: ақпараттық қорлар, пошта қызметтері, ойындар, әуен, фильмдер, радио және т.с.с. дәл осы серверлерде орналасады.

Интернеттің негізгі идеясы – ақпараттың еркін таралуы және адамдар арасында байланыс орнату. Бұл адамдар, елдер, ұлттар арасындағы нәсілдік, діни және идеологиялық бөгеттердің алдын алудың ең тиімді жолы.

Интернет – технологиялық процестің ең маңызды демократиялық жетістіктерінің бірі. Оның пайда болуымен ақпарат ғаламшардың көпшілік тұрғындарының әлеуетті игілігіне айналуға. Телеграфпен, телефонмен, радиомен, телевидение мен компьютерлік техникамен байланысты барлық жаһандық коммуникациялар бүгінде бір тұтас – Интернетке біріктіріледі.

Мұнда адамдар мен олардың өзара байланысын арақашықтыққа, уақыттық, мемлекеттік және басқа да көптеген шектерге тәуелсіз түрде біріктіре отырып, ақпарат тарату механизмі жайлы сөз қозғалуда.

Қосымша

Жаңалық сайттары/ақпараттық порталдар ақпаратты іздеу және жаңарту мүмкіндігі бар жаңалық немесе кез келген басқа контенттің тақырыптық ақпаратының жиыны болып табылады. Мұндай ресурстар аудиториясы қызығушылықтары бойынша топтастырылған тақырыптық қауымдастықтар болады, әдетте бұл – тұрақты аудитория.

Форум – адамдардың қызығушылықтары бойынша көпшілікпен араласуына арналған қауымдастық. Қандай да бір қауымдастықта тиімді араласу үшін ол жерде қабылданған бел-



гілі бір ережелерді ұстану керек. Форумда да солай: ол жерде араласу үшін форумдық өмір ережелерін сақтау керек.

Форумға келушілердің өз тілі бар. Көп қолданушылар, әсіресе жаңадан келгендер форумдарда айтылатын барлық жаргондық сөздер мен тіркестерді біле бермейді немесе олардың бар екендіктерінен хабарсыз болады.

Бұл болмашы нәрсе болып көрінуі мүмкін. Бірақ жаңадан келуші қандай да бір сөздің мағынасын түсінбей, өздігінше істеуін жалғастыруы мүмкін, ал оның салдары қолданушының өзі үшін аянышты болуы мүмкін.

Көрнекілік үшін форумдардағы қарым-қатынастарда қолданылатын сөздер мен өрнектердің мысалын келтірейік.

ҚАТЕЛЕР (БАГИ) – бағдарламадағы пайда болу себептері белгілі қателіктер.

КРЯК (ағылшын тіліндегі crack – сындыру сөзінен) – shareware бағдарламаларды тіркеуге мүмкіндік беретін бағдарлама, ойындарға арналған «CD-дан шығарушылар» да осы топқа жатады.

РЕСПЕКТ (ағылшын тіліндегі respect сөзінен) – «рақметтің» орнына «құрметтеймін» немесе «менің қошеметім» деп айту.

СПАМ (ағылшын тіліндегі spam – қоқыс сөзінен) – кез келген қажетсіз ақпаратқа сілтеме.

ИБ – итім білсін (басқа да қысқартулары болуы мүмкін, бірақ мағынасы қатты өзгермейді).

LOL (ағылшын тіліндегі laughing out loud немесе lot of laugh тіркестерінен) – өте күлкілі.

TE – яғни дегенді білдіреді.

Форумда араласу, мысал ретінде чатта араласудан несімен ерекшеленеді? Әйелдер форумдарының тақырыптары әлеуметтік желілердегі тақырыптар сияқты. Әйелдер форумында не істеуге болады? Егер Сіз ер адам болсаңыз, барлығы оңай: әйелдермен танысу және «әйелдердің істеріне» қызығу, ал егер Сіз әйел болсаңыз ше? Онда, әрине, әйелдер форумы танысу емес, келесілер үшін қажет болады:

- 1) өзің үшін пайдалы нәрсе білу;
- 2) өзің үшін пайдалы нәрсені талқылау;
- 3) өз маңыздылығыңды көтеріп, құрбыларыңның алдында ерекшелену.

Сәйкесінше, бұл әлеуметте өз тұлғаңызға назар аударту үшін (әрине, егер Сіз ол жерге тек оқу үшін кірмеген болсаңыз), нақты форумның аудиториясын қызықтыра алатын ақпараттық материалдар мен суреттер жариялау керек. Бәрі әлеуметтік желілердегі сияқты, бірақ көбірек құрылымданған. Есте сақтаңыз, форумдар іздеу жүйелері арқылы индекстеледі және Сіздің ол жерде жазғаныңыздың барлығын лақап атыңыз немесе электронды пошта мекенжайыңыз арқылы оңай тауып алуға болады.

Чат (ағылшын тілінде chat – бос сөз айту) – нақты уақыт режимінде компьютерлік желі бойынша хабарлама алмасу құралы, сондай-ақ, сондай қарым-қатынасты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін бағдарламалық жабдықтама. Өзіне тән ерекшелігі дәл осы нақты уақыт режиміндегі немесе оған жақын аралықтағы байланыс болып табылады, бұл чатты форумдар мен басқа «баяу» құралдардан ерекшелейді.

Сіздерге құрметпен қарайтын пақырларыңыз бір кездері дүниежүзілік торда болған Hotline онлайн-қауымдастықтарында бірнеше жыл өткізді, сондықтан чаттарда араласу ерекшеліктерін өз тәжірибемнен білемін.

Бірден көп әңгімелесушімен араласу қарым-қатынас стиліне белгілі бір із қалдырады: Сіз өз ойыңызды өте тез білдіріп, сәйкесінше өте жылдам теруіңіз керек. Атап айтатын болсақ, бір-екі сөз жазып, enter басуға кеңес беріледі, чатта ұзын сөйлем жазудың керегі жоқ. Бұл тірі әңгімеге қатты ұқсайды.

Бір күні мен өзімнің пернетақтаға қарамай-ақ тез тере алатынымды байқадым. Бұл чаттарда біраз уақыт араласқан соң пайда болды. Көріп тұрғандарыңыздай, мұның қандай да бір пайдасы бар.

Егер чатта адам көп болса, не істеу керек? Өзіңіздің қандай да бір сұрағыңызға жауап алуға тырысып көру немесе ортақ әңгімеге қосылу үшін жай ғана амандасу. Мысалы, болып жат-



қан әңгімені қолдау жақсы екпін болып табылады. Себебі жай ғана «Бәріне сәлем!» деу ортақ тақырыпты бұзуы мүмкін. Сіз барлығы өзіңізбен кезектесе амандаса кетеді деп ойлайсыз ба?

Жылдам хабарламалар мен жауаптар жүйесі – өте тиімді. Чат – бұл сөз тауып сөйлеуді ұнатпайтын динамикалық адамдардың араласу әдісі. Чатта нағыз ауызша ұрыстар болады, ол жерде әріптермен де жүріс жасалады. Чат – бұл Интернеттің таза туындысы: бір уақытта мұндай көп адамның әріптермен араласуы басқа еш жерде мүмкін емес.

Жалған ақпарат беру, мысалы, өзін басқа адам ретінде таныстыру, чатта жиі кездеседі. Тіпті жынысты тексеру болады. Интернет қолданушылары қарама-қарсы жыныс атынан өте жиі араласады, мұны байқаудың өзі қиын емес.